

bilimger.kz

Республикалық білім және ғылым порталы
<https://bilimger.kz>
ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:
KZ45VPY00102718

2025

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп КММ мен "ҒЗИ ғылыми орталықтар және Жоғарғы оқу орындарымен бірлескен білім беру жобалары.

ЖАРИЯЛАНДЫ
21.10.2025

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/183455/>

Темірова Алтынай Аралбекқызы

**«Манап Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжі» МКҚК
«Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп» арасындағы өзара
ынтымақтастық туралы**

МЕМОРАНДУМЫ

Түркістан облысы
Ордабасы ауданы
« Сәкен Сейфуллин атындағы
жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

« ____ » _____ 2025ж

«Манап Өтебаев атындағы
жаңа технологиялар
колледжі» МКҚК

« ____ » _____ 2025ж

«Манап Өтебаев атындағы жаңа технологиялар колледжі» МКҚК атынан Қоғам жарғысы негізінде әрекет етуші Басқарма –төрағасы –ректорының Утегенов Мусахан Калаубекович бір жағынан және Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, « Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атынан Жарғы негізінде әрекет ететін мектеп директоры Омаш Сауле Шапайқызы, екінші жағынан, бұдан әрі қарай екеуі бірге «Тараптар» деп аталып, тікелей өзара тиімді ынтымақтастықты орнату үшін, осы меморандумды жасасты.

МЕМОРАНДУМНЫҢ МАҚСАТЫ

Тараптардың арасында жалпы білім беру мекемелеріне (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында) педагогикалық кадрларды даярлау және кәсіби бағдар беру, Жоғарғы оқу орны (бұдан әрі ЖОО) студенттері үшін, білім алу мүмкіндіктердің теңдігін қамтамасыз ету, эксперимент жүргізу және дуалды оқыту жүйесін енгізу болып табылады.

Осы меморандум тараптары арасында жеке келісімдерде ескертілген бірлескен бағдарламалармен жобаларды жүзеге асыру мақсатында ынтымақтастық шарттарды реттейді.

2. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

2.1. ЖОО студенттері қатысуымен бірлесе отырып оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік жұмыстарын жүргізу және ғылыми –теориялық, ғылыми-практикалық конференциялар, тренингтер, семинарлар, кездесулер, и дөңгелек үстелдер, кәсіби бағдар беру, арнайы жобасы жұмысын ұйымдастыру

2.2. Білім беру мекемелерінде кәсіптік практиканы (оқу, оқу-танысу, үздіксіз педагогикалық, өндірістік, диплом алды) ұйымдастыру;

2.3 Білім беру мекемелерінде білім сапасын көтеру;

2.4. Жастар арасында кәсіптік бағдарлық, тәрбиелік іс-шаралар, олимпиадалар мен байқаулар, спорттық сайыстар жүргізуді ұйымдастыру;

2.5. Жоғары кәсіби кадрлық құрамын дайындау және олардың жұмыспен қамтамасыз етілуіне өзара көмек көрсету;

2.6. Білім беру мекемелерінде дуалды оқыту жүйесін жүзеге асыру;

2.7. Осы Меморандумға қолайлы жағдайды жасау үшін тараптардың өзара ұйымдастырушылық әрекеттесуін жүзеге асыру;

3.БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

3.1. ЖОО студенттерінің білім беру мекемелерінде тәжірибе жүргізу үшін, білім беру ійымының жоғары білікті мамандарын бөліп, олардың жұмыс істеуіне қажетті жағдайлар жасау;

3.2. Университеттің оқытушы –профессор құрамының жетекшілігімен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және нәтижесін талқылау мақсатында ғылыми жобаларды арнайы кафедраларға ұсыну;

3.3.Университеттің ұйымдастыруымен өткізілетін халықаралық , республикалық, ғылыми теориялық, ғылыми-конференцияларға білім беру мекемелеріндегі оқытушы-мұғалімдердің, педагог-психологтардың ғылыми жобаларын, баяндамаларын ұсыну және қатысу;

3.4. Мектеп басқармасының ұйымдастырылуымен Шымкент қаласында өткізілетін көшпелі семинар,дөңгелек үстелдер, кездесулер, тренингтер, пікірталастарға Университеттің оқытушы-профессорлық құрамын шақыру;

3.5.Білім беру мекемелерінің қажеттіліктерімен мүмкіншіліктеріне сәйкес, педагогикалық мамандықтардың Білім беру бағдарламаларын бірлесіп әзірлеу және қажетті элективті пәндерді ұсыну;

3.6.Педагогикалық мамандықтардың Білім беру бағдарламаларына сәйкес, студенттердің курстық, дипломдық және ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптарын сараптап бекітуге ықпал жасау;

3.7.Университет базасында тәжірибелі оқытушы-профессорлар құрамының жетекшілігімен өткізілетін арнайы пәндер бойынша біліктілігін жетілдіру курстарына білім беру мекемелерінің педагогтерін жолдау;

3.8. Білім беру мекемелерінде Университеттің студенттері үшін,кәсіптік практиканыөткізуге арнайы келісім-шарт түзіп, төмендегідей қажетті жағдайлар жасау:

1) білім алушыға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы) қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушының еңбек қауіпсіздік әдістерін оқытуын жүргізу;

2) тиісті қызметтің бос орны болған жағдайда иеленген мамандыққа сәйкес, жұмысқа қабылдау үшін, білім беру гранты негізінде оқыған түлектердің кандидатурасын қарастыру;

3) бөлімшелерде (бөлімдерде, цехтарда, зертханаларда және сол сияқты) білім алушының кәсіптік практикасына жетекшілік ету үшін білікті мамандардың белгіленуін қамтамасыз ету;

4) білім алушының еңбек тәртібін және кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін бұзған жағдайда, барлық оқиғалар туралы Университетке тиісті хабар беру;

5) білім алушылардың кәсіптік практикасының бағдарламасын толық игеру үшін, зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сызбаларды, техникалық және басқа да құжаттарды пайдалану мақсатында жұмыс орындарында қажетті жағдай жасау;

6) кәсіптік практика аяқталған соң, білім алушылардың жұмысы туралы мінездеме беру және практикадан өту спасын бағалау;

3.9.білім беру мекемелеріндегі бос орындар туралы мәліметті Университеттің арнайы бөліміне ұсыну және бітіруші түлектерін жұмыспен қамтуға қолдау көрсету;

4. УНИВЕРСИТЕТТІҢ МІНДЕТТЕРІ

4.1. Арнайы жоба аясында ЖОО студенттерін білім беру мекемелеріне тәжірибеден өтуге жіберу;

4.2. ЖОО студенттерінің білім беру мекемелерінде тәжірибе өтуіне жағдай жасау, қолдау, сабақ кестелерін ыңғайластыру;

4.3. Білім беру мекемелеріндегі оқытушы-мұғалімдердің, педагог-психологтардың оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік жасау және облыс, республика көлемінде өткізілетін ғылыми жобаларға қатысу, ғылыми еңбектер жариялау;

4.4. Білім беру мекемелерінің қажеттіліктерімен мүмкіншіліктеріне сәйкес, педагогикалық мамандықтардың Білім беру бағдарламаларына қажетті деп ұсынған пәндердің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу;

4.5. Университеттің ұйымдастыруымен өткізілетін халықаралық, республикалық, ғылыми теориялық, ғылыми-конференцияларға білім беру мекемелеріндегі оқытушы-мұғалімдердің, педагог-психологтардың ғылыми жобаларын, баяндамаларын қабылдау, ғылыми бағыты бойынша қатысуына ықпал жасау;

4.6. Университет базасында тәжірибелі оқытушы-профессорлар құрамының жетекшілігімен өткізілетін арнайы пәндер мен бағыттары бойынша (бала күтушісі, гувернант, педагог-психолог, инклюзивті білім беру т.с.с) біліктілігін жетілдіру курстарын ақылы негізде ұйымдастыру және арнайы сертификаттар беру;

4.7. Білім беру мекеме қызметкерлері үшін арнайы семинарлар, дөңгелек үстелдер, лекторийлер және пікірталастар ұйымдастыру;

4.8. Білім беру қызметкерлері, колледж студенттері мен мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін, университет кітапхана қорын, арнайы зертханалық кабинеттерді пайдалануға жағдай жасау;

4.9. Білім беру мекемелерінің базасында Университеттің студенттеріне кәсіптік практиканы (оқу танымдық, үздіксіз, педагогикалық, өндірістік, диплом алды) ұйымдастыру және өткізу;

4.10. Университетте ұйымдастырылған (сән, қолөнер, сөз өнері, суретшілер, ән-күй, спорттың түрлі саласы бойынша) үйірме жұмыстарына колледж студенттері мен мектеп оқушыларын тарту және облыстық, республикалық байқауларға қатысуына ықпал жасау;

4.11. Білім беру мекемелеріндегі бос орындарға бітіруші түлектерді тарту;

5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ

Меморандум тараптары өздерінің мүддесіне тиетін жасырын мәліметтерді, мемлекеттік, коммерциялық немесе қызметтік және басқа да құпияларды қоса, жарияламауына келісті. Мәліметтерге құпия ақпарат мәртебесін беру үшін тараптардың қайсысы болса да жазбаша түрде ниет білдіреді.

6. ДАУДЫҢ ШЕШІЛУІ

Осы меморандумның ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде туындаған даулармен келіспеушіліктер мүмкіндігінше тараптардың арасындағы екі жақтық келіссөз және кеңес арқылы шешілуге тиіс.

Егер де (келіспеушілік) келіссөз арқылы шешілмейтін болса, осы дау ҚР заңнамаларына сәйкес, шешілуге жатады.

7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы меморандумға өзара келісім бойынша қосымша шарт жасау арқылы өзгертулер мен олықтырулар енгізуге болады. Өзгертулер мен толықтырулар осы меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады, тиісті тәртіп бойынша рәсімделінеді және өкілетті тұлғалардың қолдарымен расталады.
2. Осы меморандум тараптардың қолдары қойылған күннен бастап күшіне енеді және ол тараптардың бір жағы екінші жаққа жазбаша түрде меморандумның қолдануын тоқтату туралы ескерту жібергенше әрекетте болмайды.
3. Осы жағдайда меморандумның әрекеті тараптардың бір жағы тиісті ескерту жіберілген мезгілінен 30 күнтізбелік күн өткеннен кейін тоқтатылды деп есептелінеді.
4. Осы меморандумның тең заңдық күші бар тараптардың әрқайсысына бір-біреуден тиесілі екі дана жасалынған.

8. ТАРАПТАРДЫҢ МӘН-ЖАЙЫ

«Манап Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжі» МКҚК

Басқарма төрағасы-ректор
Утегенов Мұсахан Қалаубекович



«Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

Мектеп директоры: С. Омаш



Түркістан облысы білім басқармасының «№18 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны мен Ордабасы ауданы білім бөлімінің «С.Сейфуллин» атындағы жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі арасындағы кәсіптік бағдар жұмысы туралы

МЕМОРАНДУМ



Түркістан облысының білім басқармасының «№18 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны мен Ордабасы ауданының білім бөлімінің «Д.Қонаев» жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі арасындағы кәсіптік бағдар жұмысы туралы

МЕМОРАНДУМ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев 11.01.2022 жылы Қазақстан Республикасының Парламенті мәжілісі отырысында Үкіметке нақты тапсырма берген болатын. Мемлекет басшысы «Техникалық мамандықтарға басымдық беру қажет», «Экономикамызда техника саласының мамандарына сұраныс өте жоғары, бірақ мүмкіндіктер аз. Кәсіпорындар тиісті мамандарды шетелден шақыруға мәжбүр. Осындай келеңсіз жағдайды желел түзетуіміз керек» - деп жастардың болашағына үміт артып отыр. Осыған орай қалрларды даярлауды жүзеге асыруда аудан, қала әкімдіктері тарапынан жұмыстарды белсенді атқару қажеттіліктеріне байланысты колледждерге тегін гранттарға басымдылық беріліп отыр. Сондықтан Түркістан облысының білім басқармасының «18 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - колледж) директоры Акторе Жандос Жарылқасынұлы және Ордабасы ауданының білім бөлімінің «С.Сейфуллин» атындағы жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Омаш Сәуле Шапайқызы (бұдан әрі - мектеп) тараптар төмендегілер туралы келісімдер жасады.

Меморандумның мақсаты

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі (бұдан әрі ТЖКБ) бар кадрларды даярлау саласын дамыту үшін, «С.Сейфуллин» атындағы жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тапсырысты орындау мақсатында кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізу.

Тараптардың міндеттері

1. Колледж міндеттері:

- 1) Колледж басшылығы мен «С.Сейфуллин» атындағы жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінде кәсіптік бағдар жұмысын бекітілген кесте бойынша жүргізеді;
- 2) Колледж педагог қызметкерлері «С.Сейфуллин» атындағы жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесіне барып, 9-сынып бітіруші оқушылармен кәсіптік бағдар жұмысын жүргізеді;
- 3) Колледж педагог қызметкерлері «С.Сейфуллин» атындағы жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің хабарландыру бұрыштарына, әлеуметтік желілеріне колледж туралы мәліметтер мен хабарландыру орнатады;
- 4) Колледж «С.Сейфуллин» атындағы жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 9-сынып бітіруші оқушыларының «Ашық есік» күнін өткізеді.

2. Мектептің міндеттері

- 1) Мектеп басшылығы мен колледжде кәсіптік бағдар жұмысын бекітілген кесте бойынша жүргізеді;
- 2) Мектептегі хабарландыру бұрыштарына, әлеуметтік желілеріне колледж туралы мәліметтер мен хабарландыруға рұқсат береді;
- 3) «С. Сейфуллин» атындағы жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2023-2024 оқу жылының өндірістік жоспарына сәйкес «№18 колледж» базасына «Ашық есік» күнін өткізуге 9-сынып бітіруші оқушыларын жібереді.

3. Басқа шарттар

- 1) Осы Меморандум қол қойылған Тараптардың әрқайсысы өз өкілеттіліктері шегінде өз жауапкершілігін мойындайды және туындаған мәселелерді өзара келісім бойынша шешу мақсатында ынтымақтасуға міндеттенеді;
- 2) Осы Меморандум ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды кеңес беру және келіссөздер жолмен шешеді;
- 3) Осы Меморандум Тараптардың әрқайсысы үшін бірдей заңды күші бар мемлекеттік тілде 2 данадан жасалады.
- 4) Меморандумға барлық өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың келісімі бойынша кеңес беру және келіссөздер жүргізу жолымен енгізіледі;
- 5) Осы Меморандум Тараптардың арасында қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

«С. Сейфуллин» атындағы жалпы білім беретін
мектеп» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің директоры


С.Ш. Омаш
«__» _____ 2023ж

«18 жас етеккі» директоры

Ж. Ахметов
«__» _____ 2023ж

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.